

АДАМ - ЕҢБЕГІМЕН АСҚАҚ

Кітапхана ісінің шебері

Адамға рухани азық сыйлап, ғылым мен білімнің терең тұнығынан сусындатар мәдени орын - кітапхана. Кітапхана - парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің киелі ордасы. Ал, кітапхананың тіршілігіне дем беріп, ұлттық құндылықтар мен рухани байлығымыздың арасын жалғас-тыратын дәнекер - кітапханашы.



Кітапханашы - қоғам мен мемлекеттің дамып, өркендеуіне өте қажет әрі маңызды мамандық. Өмірде өз жүрек қалауымен таңдаған мамандығын өмір бойы сүйіп өтетін жандар болады. Жүсіпбек Аймауытов: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл - жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе», - деген.

Кітапхана ісі - өз алдына шеберлікті талап ететін күрделі үрдіс. Кітапханашылық қызмет ізденісті, жауапкершілікті талап етеді. Кітаптың құдіреттілігін терең түсіне білген жан ғана осы рухани ордада қызмет атқара алады. Сондай жандардың бірі - Шайкенова Назым Физатқызының кітапхана ісіндегі еңбегі ерен.

Назым Физатқызы Шайкенова С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында 1975 жылдан бастап жұмыс істеді. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық

институтының кітапхана факультетін оқып бітірді. Содан бері облыс кітапханаларының дамуына көп үлес қосты. Осы салада ұзақ қызмет етіп, оқырмандардың есінде қалып, көптеген ізбасар жастарды тәрбиеледі. Өз ісінің кәсіби маманы Назым Физатқызының жетістігі - бәрімізге үлгі, өнеге. Жарқын жүзінен қарапайымдылық нышаны қашанда аңғарылып тұрады. Өз ісін адал атқарып, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған, өз ісін жете меңгерген білікті, білгір маманның бірі.

Назым Физатқызын бүкіл облыс оқырмандары біледі десек, артық айтқандық емес. Кітапханаға түскен жаңа кітаптар туралы шолуларды облыстық «Saryarqa samaly» газеті, облыстық радио арқылы жүйелі беріп отырды. «Павлодар облысында аталып өтілетін және еске алынатын күндер», «Сұлтанмахмұт Торайғыров» және т.б. библиографиялық көрсеткіштердің құрастырушысы, «Тіл өнері» халық университетінің ұйымдастырушысы.

Қоғамның өркендеуі, адамзаттың өсуі кітаппен тығыз байланысты. Жас ұрпақтың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ, ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт-дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде десек, Назым Физатқызы оқырмандар арасында баға жетпес байлық - кітапты насихаттауда мазмұны терең, тәрбиелік маңызы зор мәдени көпшілік шараларды ұйымдастырып, көптің көңілінен шығып, оқырмандардың алғысына ие болып жүр. Кітапханашы үшін бұдан үлкен марапат, бұдан үлкен бақыт жоқ.

Назым Физатқызы - тек кітапханашы емес, тілінің, елінің жанашыры. Ұлттық құндылығымызды сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізіп, дамуына қосып жатқан үлесі өте зор. Барлық саналы еңбек жолын осы кітапханашы мамандығына арнап келеді, бүгінгі таңда Мәшһүр Жүсіп орталық мешітінде кітапханашы болып жұмыс істейді.

Сүйікті жар, аяулы ана, асыл әже, білікті маман Назым Физатқызы мерейлі 70 жасқа толып отыр. Назым Физатқызын мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Кісілік келбетіңізді көпке үлгі етіп, парасат биігінен көріне беріңіз, отбасыңызға шексіз бақыт, ұзақ ғұмыр, ұл-қызыңыздың шапағатымен нұрланып, немерелеріңіздің шуағына бөленіп, әрқашан жақсылықтың төрінде жүре беріңіз деп тілек жолдаймыз!

**Г.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
Ж. ҚАЖЫБАЕВА,**
С.Торайғыров атындағы
облыстық кітапхананың
қызметкерлері.

